



АВАИ АИМАҚ МЕДИА

SEMEYtanu

№76 (19256)
5 шілде, 2022 жыл

www.semeytanu.kz



Gazet 1917 jylǵy 17 maýsymnan jaryq kóre bastady ● Сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

• Семей

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ» ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Қала әкімінің ауыл тұрғындарымен кездесулері әлі де жалғасуда. Өткен аптада Семей қаласының әкімі Бақытжан Байахметов Мұқыр және Мұрат ауылдарында болып, орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген кірме жолдардың сапасын тексерді. Ауыл тұрғындарымен жиын өткізіп, атқарылған және алда атқарылар жұмыстар туралы баяндады.



Бүгінде аталған ауылдық округтерде тұрғындардың ел-ауқатын жақсартуға, ауылдарды тұрақты дамытуға бағытталған «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы жүзеге асырылуда. Еске сала кетейік, жоба ауыл халқының өмір сүру сапасын арттыру және ауылдық аумақтардың әлеуметтік ортасын жаңғырту, оларды өңірлік стандарттарға дейін жеткізу мақсатында әзірленген. Аталған жобаны тиімді ілгерілету мақсатында 2025 жылға дейін-

гі жұмыстардың жеке жоспар-кестесі әзірленген. Құжатта қазіргі таңда түрлі жобалар жүзеге асырылып жатқан Семей қаласының ауылдық елді мекендері туралы мәліметтер бар. - Ауылдық округ тұрғындарымен әрбір кездесуімде орындалған және ауылдарды абаттандыру бойынша әзірленіп жатқан жұмыстар туралы егжей-тегжейлі айтып жүрмін. «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы

бойынша Семей өңірінде ауылдарға кіреберіс жолдарды орташа жөндеу, су құбыры желілерінің құрылысы, көшені жарықтандыру және т.б. бірқатар жұмыстар атқарылуда, - деп атап өтті Бақытжан Байахметов.

Кездесу барысында Мұрат ауылының тұрғындары көлік қозғалысының жылдамдығын шектейтін жол белгілерін орнатуды және жаяу жүргіншілер жүретін жол-

ды белгілеуді сұрады.

Қала әкімі аталған мәселені шешуді жолдаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне тапсырды.

Сондай-ақ тұрғындар ауылда көше жарығы мен балалар алаңын орнату туралы өтініштерін де жеткізді.

- Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі тарапынан Мұқыр, Прииртышский және Мұрат ауылдарына көше жарығын орнатуға жобалық-сметалық құжат әзірленуде. Бұл жоба «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша 2023-2024 жылдарға жоспарланған, - деді Бақытжан Байахметов.

Ауыл тұрғындары клуб құрылысын салу мәселесін де қарастыруды сұрады. Бұл мәселе ауыл кәсіпкерлерінің қолдауымен модульдік эскиздер дайындалғаннан кейін қаралатын болады.

Бүгінгі күні Мұрат ауылында ұзындығы 5,5 шақырым, ал Мұқыр ауылында ұзындығы 3 шақырым кірме жолды орташа жөндеу жұмыстары аяқталды. Мердігерлік ұйымдар фрезерлеу және асфальт жабынын төсеу үшін арнайы техника жұмылдырды.

Дана ТАЛҒАТБЕК

• Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл

Ұлттық домбыра күні қарсаңында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының домбырасы табылды. Бұл туралы «Алматы» телеарнасы хабарлады.

АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ ДОМБЫРАСЫ ТАБЫЛДЫ



сол құнды жөдігерлердің қатарын толықтырмақ.

«Ахмет Байтұрсынұлының туыстары бұл домбыраны ұзақ уақыт сақтаудан қорқып, оны қолдан қолға беріп отырған. Себебі олар саяси репрессияланған адамның жеке заттарын сақтағаны үшін де айыпталуы мүмкін еді», - дейді ахметовтанушы, Байтұрсынұлы атындағы музей-үйдің директоры Райхан Имаханбет.

Құнды жөдігер Ахаң өмірден өткен 85 жылда әр адамның аманат етіп тапсыруымен бүгінге жетіп отыр. Өзірге домбыраға қатысты толық ақпарат жоқ. Бет қақпағы бүлініп, құлақ, ішегі жоғалған екен. Мұра мамандар қолынан өтіп, қайта қалпына келтіріледі. Содан соң көптің назарына ұсынылмақ.

Ахмет Байтұрсынұлының скрипка мен фортепианода ойнағаны белгілі. Ұлы ғалым, саясаткер, әдебиеттанушы, қоғам қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы халық мұрасына баға жетпес үлес қосқаны белгілі.

Қазақтың көрнекті қоғамдық-саяси, әдеби және ғылыми қайраткерлердің бірі Ахмет Байтұрсынұлы тұрған үй бүгінде мұражайға айналған. Алайда мұнда реформатордың біраз ғана заттары сақталған. Бұл жөдігерлерді қайта табу үшін мамандардың көмегі қажет.

ЖАҢА ВАГОН ЖӨНДЕУ ДЕПОСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Семейде вагон жөндеу депосының бірінші кезеңі

Бірінші кезекке дөңгелекті-вагонның дөңгелек шеберхана-лады. Кейіннен жас маман-жүктемесін арттырады. роликті цех кіреді және вагондар-ларын ашу жоспарлануда, онда-дар Қарағанды аттестаттау Сондықтан қолда бар вагон